

Астана қаласы әкімдігінің
«Рақымжан Қошқарбаев атындағы
№ 44 ОРТА МЕКТЕП»
шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны



Государственного коммунального
предприятия на праве хозяйственного
ведения «СРЕДНЯЯ ШКОЛА № 44
имени Рақымжана Қошқарбаева»
акимата города Астаны

БҰЙРЫҚ

2025 жылғы 4 наурыз

ПРИКАЗ

№ 59 н/з

Жекелеген тағам өнімдерін сатуға тыйым салу туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ -76 бұйрығы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ -16 «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын негізге ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектеп оқушыларының тиімді, қауіпсіз және сапалы тамақтануы мен денсаулығын сақтау мақсатында асхананы жалға алушы ЖК «Үміт» М.Жароваға төменде көрсетілген өнімдердің сатылуына жол бермеу жауапкершілігі ұсынылсын.

- 1) қатық, сүзбе, айранды;
- туралған ет қосылған құймақтарды;
- флотша макаронды;
- зельцтер, форшмактар, сілікпелер, паштеттерді;
- кремі бар кондитерлік өнімдерді;
- тұтыну қаптамасындағы кондитерлік өнімдер мен тәттілерді (шоколад, кәмпит, печенье);
- морстар, квастарды;
- фритюрде қуырылған өнімдерді;
- шала пісірілген жұмыртқа, қуырылған жұмыртқаны;
- күрделі (4 компоненттен артық) салаттарды; каймақ пен майонез қосылған салаттарды;
- окрошканы;
- саңырауқұлақтарды;
- өнеркәсіпте дайындалмаған (үйде дайындалған) тамақ өнімдерін;
- тез дайындалатын құрғақ тағамдық концентраттар негізіндегі бірінші және екінші тағамдарды;
- газдалған, емдік және емдік-асханалық минералдық суды, тәтті алкогольсіз сусындарды, алкогольсіз энергетикалық (сергітетін)

сусындарды, диффузиялық қойылтылған шырындарды (қаптамаланған минералды және ауыз суды қоспағанда);

фаст-фудтар: гамбургерлер, ход-догтар, чипсілер, кептірілген нан, кытырлақ нанды;

ащы тұздықтар, кетчуптар, ащы дәмдеуіштерді (бұрыш, ақшелкек, қыша) дайындауға және өткізуге;

2) мыналарды:

пастерленбеген сүтті, термиялық өңделмеген сүзбені және қаймақты; суда жүзетін құстың жұмыртқасы мен етін;

ауыл шаруашылығы малының сырқаттанушылығы бойынша қолайсыз шаруашылықтардың сүтін және сүт өнімдерін;

тіл, жүректі қоспағанда өнімді мал мен құстың субөнімдерін;

механикалық түрде сылынып алынған өнімді малдың етін және құс етін;

құс етінен алынған құрамында коллаген бар шикізатты;

сойылған өнімді мал мен құстың қайта мұздатылған өнімдерін;

генетикалық түрлендірілген шикізаттар және (немесе) құрамында генетикалық түрлендірілген көздер бар шиізаттарды;

йодталмаған тұзды және құрамында темір бар витаминдермен, минералдармен байытылмаған (фортификацияланбаған) жоғарғы және бірінші сұрыпты бидай ұнын пайдалануға жол берілмесін.

4. Асханадағы тыйым салынған тағамдардың сатылмауын қадағалау мектеп медбикесі Г.Т.Мусахан мен әлеуметтік педагог С.Д.Серикбаеваға жүктелсін.
5. Осы бұйрықпен асхана меңгерушісі Ш.Абдраманова таныстырылсын.
6. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың бастауыш сыныптар бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Т.Алниязовқа жүктелсін.

Мектеп директорының м.а



Н.Ш.Дыбыспаева



010000, Астана қаласы,
Бейбітшілік көшесі, № 11,
тел.: 55-68-82

010000, город Астана
ул. Бейбитшиллик, № 11,
тел.: 55-68-82

26.02.25 № 107-01-12/354

№ _____

Білім беру ұйымдарының басшыларына

«Астана қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) ҚР оқу-ағарту министрлігінің ақпаратына сәйкес, соңғы бір жылда балалардың сауда орындарынан сатып алынған азық-түлік өнімдерінен улану фактілері көбейген хабарлайды. Анықтама үшін: 2023 жылдың маусым айында Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Сатай ауылында бірнеше бала жергілікті дүкеннен сатып алынған чипсы тағамнан уланған.

2023 жылдың желтоқсан айында Батыс Қазақстан облысында кәмелетке толмаған бес бала дүңгіршектен сатып алынған тәттілерден уланған.

2024 жылдың маусым айында Солтүстік Қазақстан облысында екі бала жергілікті дүкеннен сатып алынған тұщыпара мен газдалған сусындардан уланып, қайтыс болды.

2025 жылдың ақпан айында Ақтөбе облысындағы Қобда ауылында 18 оқушы дүкеннен сатып алынған ащы тағамдардан уланған.

Сонымен қатар, білім беру ұйымдарында жүргізілген мониторинг пен тексеру нәтижелері білім беру нысандарында тыйым салынған өнімдердің сатылуын көрсетті.

Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың 177-179-тармақтарына сәйкес (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығы) Білім беру және тәрбиелеу объектілерінің тамақтану объектілерінде, мектепке дейінгі ұйымдарда, балалар үйлерінде, балалардың сауықтыру және санаторий объектілерінде алып тасталады:

1) Өндіру және сату: катық, сүзбе, айранды; туралған ет қосылған құймақтарды; флотша макаронды; зельцтер, форшмактар, сілікпелер, паштеттерді; кремі бар кондитерлік өнімдерді; тұтыну қаптамасындағы кондитерлік өнімдер мен тәттілерді (шоколад, кәмпит, печенье, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда және балалар үйлерінде – қалуа, мармелад, пастила); морстар, квастарды; фритюрде қуырылған өнімдерді; шала пісірілген жұмыртқа, қуырылған жұмыртқаны; күрделі (төрт компоненттен артық) салаттарды, қаймақ пен майонез қосылған салаттарды; окрошканы; саңырауқұлақтарды; өнеркәсіптік емес дайындалған (үйде дайындалған) тамақ өнімдерін; тез дайындалатын құрғақ тағамдық концентраттар

негізіндегі бірінші және екінші тағамдарды; газдалған, емдік және емдік-асханалық минералдық суды, тәтті алкогольсіз сусындарды, алкогольсіз энергетикалық (сергітетін) сусындарды, диффузиялық қойылтылған шырындарды (қаптамаланған минералды және ауыз суды қоспағанда); фаст-фудтар: гамбургерлер, хот-догтар, пиццалар, наггетстер, чипсілер (чипсондар), дәмдік қоспалары бар тұздалған қытырлақ нанды; ащы тұздықтар, кетчуптар, ащы дәмдеуіштерді (бұрыш, ақшелкек, қыша) дайындауға және өткізуге;

2) **өндіру:** тізбесі тамақ өнімдерінің жекелеген түрлеріне қолданылатын, 021/2011 КО ТР техникалық регламентінің 8-бабында және Одақтың техникалық регламенттерінде айқындалған тамақ өнімін, осы Санитариялық қағидалардың 97-тармағында көрсетілген тамақ өнімін, пастерленбеген сүтті, термиялық өңделмеген сүзбені және қаймақты, йодталмаған тұзды және құрамында темір бар дәрумендермен, минералдармен байытылмаған (фортификацияланбаған) жоғарғы және бірінші сұрыпты бидай ұнын пайдалануға жол берілмейді.

Сондай-ақ білім беру объектілерінде тамақ өнімдерін автоматты түрде өткізуге арналған аппараттарды орнатуға және жаппай сауықтыру рәсімі ретінде оттегі коктейльдерін білім беру объектілерінде, мектепке дейінгі ұйымдарда, балалар үйлерінде өткізуге рұқсат етілмейді.

Балалардың тыйым салынған өнімдермен улану жағдайларының алдын алу және болдырмау үшін білім беру органдары мен білім беру ұйымдары **келесі шараларды қабылдауы қажет:**

1) санитарлық талаптарды мүлтіксіз сақтауға және білім беру ұйымдарында жоғарыда көрсетілген тамақ өнімдерін пайдалануға және өткізуге жол бермеуге;


2) тәрбие жұмысының жоспарларына балалар мен ата-аналар арасында тамақтану мәдениеті, балаларға пайдалы тағам әдеттерін сіңіру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын енгізуге;

3) ай сайынғы негізде өткізілген жұмыс туралы есепті тыңдай отырып, білім беру ұйымдарының бракераж комиссияларымен кездесулер өткізуге;

4) ведомствоаралық сараптама топтарымен бірлесіп, тыйым салынған тамақ өнімдерін сату тұрғысынан білім беру ұйымдарына мониторинг жүргізісін.

Жүргізілген жұмыстың нәтижелерін ағымдағы жылдың 3 наурызына қарай ұсыну қажет, кейіннен тоқсан сайын 3 маусым, 3 қыркүйек, 3 желтоқсан.

Басшы



К. Сенгазиев

Орынд: А. Ибрагимова
Тел.556920

